



AlcoStop 4000

JUSTEC

Сіз үшін арнайы құралған технология



Этанол буын талдағыш AlcoStop 4000 моделі

**ДЕМ ШЫҒАРҒАН АУАДАҒЫ АЛКОГОЛЬ ШОҒЫРЛАНУЫН
ӨЛШЕУШІ ҚҰРАЛ**

ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЫ V3.5

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ	3
1.1 Пайдалануды бастамас бұрын	3
1.2. Қауіпсіздік шаралары	3
1.3 Құрал туралы	3
1.4 Қолданылуы	3
2. БЕЛГІЛЕУЛЕР	3
2.1 Белгілеулер	4
2.2 Панель сипаттамасы	4
2.3 Бастырма сипаттамасы	5
2.4 Түймеше сипаттамасы	5
3. ПАЙДАЛАНУ	5
3.1 Іске қосу	5
3.2 Өшіру	6
3.3 Сканерлеу режимінде өлшеу жүргізу	6
3.4 Белсенді режимде өлшеу жүргізу	8
4. ҚАТЕ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА	11
4.1 Үрлеу қателігі	11
4.2 Аккумулятордың төмен қуат көзі	11
5. БАСТЫ МӘЗІР	11
5.1 Белсенді режим	12
5.2 Жазбалар	13
5.3 Реттеулер	14
5.4.1 Күні және уақыты	15
5.4.2 Өлшеу бірліктері	15
5.4.3 Сканерлеу режимін реттеу	16
5.4.4 Калибрлеу туралы ескерту	18
5.4.5 Қызмет көрсету	18
6. АККУМУЛЯТОР ҚУАТЫ	18
6.1 Аккумулятор қуатының индикаторы	18
6.2 Аккумуляторды қуаттау туралы нұсқау	19
7. ҚАТЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ	19
7.1 Сканерлеу режим	19
7.2 Белсенді режим	19
8. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	20
8.1 Жалпы күтім	20
8.2 USB порт	21
9. КАЛИБРЛЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	21
10. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	21
11. ТАСЫМАЛДАУ ЖИЫНТЫҒЫ	22

1. КІРІСПЕ

1.1 Пайдалануды бастамас бұрын

Осы нұсқаулықтар мұқият әзірленген. Осы нұсқаулықта кездесетін белгілі бір қателіктер немесе нақты емес жайттар туралы, оны ары қарай жетілдіру үшін бізге хабарлауларыңыз сұралады.

Осы нұсқаулыққа авторлық құқық Shenzhen Intermed Co Ltd компаниясына тиесілі.

1.2 Қауіпсіздік шаралары

Құралды пайдаланбастан бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз!

Құралдың жұмыс істеуі оны пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге байланысты.

Құралды калибрлеу және техникалық қызмет көрсету кәсіби білікті қызметкерлермен жергілікті органдарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету тек уәкілетті қызмет көрсету қызметкерлерімен ғана жүргізілуі тиіс.

Жөндеу жұмыстары үшін тек түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді ғана қолдану қажет, ол Shenzhen Intermed Co., Ltd шығарылады.

Құралда қолданылатын сенсор химиялық материалдардан тұрады, соған байланысты оны жою жергілікті талаптарға байланысты жүзеге асырылады.

1.3 Құрал туралы

AlcoStop 2010 этанол буы анализаторларының жаңа буыны болып табылады. Бұл құралда жаңа технологиялар пайдаланылған.

AlcoStop 2010 электрохимиялық торкөз негізіндегі сенсорды пайдаланады, ол басқа заттармен реакцияға түспейді.

Желдету кезінде құрал келген ауа көлемін бақылайды және анықтайды, ол өз кезегінде сенсорға өкпенің терең бөлігінен ауа жібереді, соның арқасында қандағы алкоголь құрамы дұрыс анықталады.

AlcoStop 4000 автоматты түрде үлгілерді жинау жүйесімен жабдықталған, алкоголь барлығын анықтау үшін скрининг өткізуге пайдаланылады.

AlcoStop 4000 пайдалануда қарапайым - басқару барлығы 3 бастырма арқылы жүзеге асырылады.

AlcoStop 4000 сымсыз байланыспен жабдықталған, ол нүктелі-матрицалы принтер және термопринтермен байланыс орнатуға мүмкіндік береді.





Құрал 30 000 мәліметті сақтауға арналған жады және USB-портпен жабдықталған. ДК үшін бағдарламалық қамтамасыз етулер тұтынушы үшін құралға техникалық қызмет етуге, калибрлеуге және оны баптауға мүмкіндік береді.

1.4 Қолданылуы


AlcoStop 4000 адам жұтқан ауадан алкогольді жылдам және нақты анықтауға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде алкогольге кәсіби тексеру жүргізуге мүмкіндік береді. Сканерлеу режимі алкогольдің бар екендігін анықтауға арналған режим, ал белсенді режим нақты тексеруге арналған.

2. БЕЛГІЛЕУЛЕР

2.1 Белгілеулер

Белгілер	Сипаттамасы	Белгілер	Сипаттамасы
	Назар аударыңыз!	PN	Партия номері
	Шығарылған күні	SN	Сериялық номері
	Өндіруші		Зиянды заттар құрамын шектеу ережесі




2.2 Панель сипаттамасы







Сур 1: Алдыңғы жағы

1. Енгізу	2. Дисплей экраны	3. "Оңға" бастырмасы
4. "Солға" бастырмасы	5. Қосылу/ОК бастырмасы	6. USB порт

2.3 Бастырма сипаттамасы

Белгі	Атауы	Қызметі
	Қосылу/өшіру/ бастырмасы	"старт" Қосу/өшіру немесе тестті қосу
	"Солға" бастырмасы	Дисплейге сәйкес жұмыс істейді
	"Оңға" бастырмасы	Дисплейге сәйкес жұмыс істейді

2.4 Түймеше сипаттамалары


Түймеше	Маңызы	Түймеше	Маңызы
	Батарейдің зарядталу индикаторы		Төмен қарай қозғалту немесе кішірейту мәнді
	Шынайы уақыт сағаты		Қайтару

3. ПАЙДАЛАНУ

3.1 Қосу




Қуаттау бастырмасын басыңыз және бойы басып тұрыңыз, дыбыстық белгі беріледі, құрал іске қосылады. Құрал қосылғаннан кейін өзін-өзі тексереді. Осы тексеру кезінде құрал логотипі, бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасы, сонымен бірге келесі калибрлеу күні мен уақыты экранда көрінеді.




(Суреттегі жазулар: JUSTES, AlcoStop 4000, 1,5 нұсқасы, өзін-өзі тестілеу, калибрлеу уақыты: 12-24-2011)

Өзін-өзі тексеру аяқталған соң құрал өлшеулер жүргізуге дайын




(суреттегі жазу: мг/100 мл, дайын, старт)

3.2 Өшіру



Қуаттау бастырмасын 3 секунд бойы басыңыз, құрал келесіні бейнелейді:



(суреттегі жазу: өшу 3, өшу 1)

3.3 Сканерлеу режимінде өлшеу жүргізу

Сканерлеу режимінің мақсаты қоршаған аудағы алкагольдің барлығын анықтау. Аталған режим негізінен алкагольдің бар екенін анықтау скринингі үшін жүргізіледі.

3.3.1 Өлшеу жүргізеден бұрын

Аталған әдіс нақты өлшеуді білдірмейді. Өлшенген мән тек алкагольдің бар екендігін ғана анықтайды. Нақты мәндер тек белсенді режимде ғана белгілі болады. Сканерлеу режимін таңдаған кезде құрал үнемі ауаны сорып тұрады және ауадағы алкагольдің құрамын сан және сызба түрінде көрсетеді. Тұтынушы кейбір көрсеткіштерді енгізе алады "main menu/setting/SM Set" ("басты мәзір/реттеулер/сканерлеу режимін реттеу")




Назар аударыңыз!

Сканерлеу режимінде мундштук қажет емес.

3.3.2 Пайдалану амалдары

Тестілеу кезінде құралдың енуші саңылауы неғұрлым тестіленетін субъектінің ауызы/мұрынына жақын тұруы керек. Арақашықтық 5-10 см болуы тиіс. Жүргізушіні үрледі Start (Старт) бастырмасы қосулы тұрғанда жүргізуді сұраңыз. Үрлеу кезінде экранда келесідей ақпарат бейнеленеді:



(суреттегі жазба: 60 мг/100мл, стоп)

Тестілеу кезінде нәтижелер сан және сызба түрінде көрсетіледі. Тестілеуді тоқтату үшін "стоп" бастырмасын басыңыз.




Назар аударыңыз!

Енгізуші саңылау үрлеу кезінде ашық тұрғанына назар аударыңыз. Әйтпесе, өлшеу нәтижелерінде ауытқулар болуы мүмкін.


Құралдың сезімталдығы және нақтылығы құрал мен ауыздың арақашықтығына байланысты, себебі үрленетін газ қоршаған ортаның ауасымен араласады. Қалыпты арақашықтық 10 см артық болмауы керек. Сканерлеу режимі санкция қолдануға негіз бола алмайды, нақты мәліметтер алу үшін тестілеуді белсендірежимде өткізіңіз.

3.3.3 Өлшеу нәтижелері

Сканерлеу режимінде алынған мәндер жасыл деңгейден төмен болса, экранда ең үлкен өлшенген мән тестілеу процесі кезіндегі құрастырылған сызба бейнеленеді. Экран келесідей түрде көрінеді:




(суреттегі жазу: мг/100 мл 3, старт)



(суреттегі жазулар: мг/100 мл, 10, старт)


Егер өлшенген мән қызыл деңгейден артық болса, қызыл сызба шығады.



(суреттегі жазба: мг/100 мл, 50, старт)

3.3.4 Келесі тестілеу

Егер алдыңғы тестілеу аяқталса, құрал келесі тестілеуге дайын, бірақ алдыңғы тестілеу кезінде құралға алкаголь тиіп кетсе 5 секнд немесе одан да көп уақыт күте тұрған абзал. Егер алдыңғы тестілеу кезінде алкагольдің жоғары құрамы анықталса, ұзақ уақыт күте тұру қажет.



(суреттегі жазу: мг/100 мл , өтінемін күтіңіз, старт)

3.4 Белсенді режимде өлшеулер жүргізу

Егер сканерлеу кезінде алкаголь анықталса нақты мәнді анықтау үшін белсенді режимде тестілеу жүргізіңіз.



(суреттегі жазу: белсенді режим, дайын)

3.4.1 Мундштукты орнату

Мундштукка үрлемес бұрын сәйкесінше мундштук портына орнатылуы керек. Мундштук бір реттік қолданылатын зат болып табылады.

3.4.2 Үрлеу


Субъект жеткілікті мөлшердегі ауаны құралға үрлеуі керек. Орташа жылдамдықта үрлеу бірқалыпты болуы керек.

Егер үрлеу процесі дұрыс жүргізілсе, үрлеу кезінде дыбыстық белгі беріледі. Субъект дыбыстық белгі тоқтағанға дейін үрлеуін жалғастыруы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Үрлеуге арналған саңылау үрлеу кезінде ашық тұрғанына назар аударыңыз. Әйтпегенде нәтижелерде ауытқулар болуы мүмкін.

Үрлеу кезінде дыбыстық белгі беріледі. Үрлеуді дыбыстық белгі біткенге дейін аяқтау керек.



(суреттегі жазу: белсенді режим, тестілеу)

Талдау уақыты алкаголь концентрациясына байланысты, концентрация көп болған сайын уақыт көбірек қажет етіледі.


Сынама алу кезінде құрал келесідей бейнеледі:



(суреттегі жазу: белсенді режим, талдау)

3.4.3 Өлшеу нәтижелері


Өлшеу нәтижелері тестілеу аяқталған соң экранда бейнеленеді. Егер нәтижелер (0-550 мг/100 мл) өлшеу диапазонынан жоғары болса, келесі ақпарат бейнеленеді:



(суреттегі жазу: мг/100 мл, белсенді режим, >550, номері 414, күні : 27.08.2011 ж., уақыты: 19:32, белсенді режим, 0, номері: 414, күні: 27.08.2011 ж., 19:32)

3.4.4 Басып шығару

Бір өлшеу аяқталғаннан кейін қандағы алкаголь құрамы, күні, уақыты және номері экранда бейнеленеді. Қажеттігіне байланысты бір немесе одан да көп көшірмесін даярлау үшін "print" (баспа) бастырмасын басыңыз.



(суреттегі жазу: белсенді режим, баспа)

3.4.5 Нәтижелерді сақтау

Нәтижелер құралдың мәліметтерді сақтауға арналған жадысында сақталады. Мәліметтер құрал өшірілгеннен кейін өшпейді



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бастырмасын басқаннан кейін немесе қуат көзінен өшірілгеннен кейін нәтижелер автоматты түрде сақталады.

Alcostop 4000 құралы 30 000 өлшеу нәтижелерін, сонымен бірге көрсеткіштерін, күні, уақыты және жазба номерін сақтап тұра алады.

Флеш-жадыдағы мәліметтер қуаттан өшірілсе де сақтаулы тұрады.

Флеш-жады толған жағдайда мәліметтер қайта жазылады, бірақ одан бұрын ескертпе шығады. Алғашқы жазба жады толған жағдайда жаңа жазбамен айырбасталады.


Флеш-жады 90 % толған жағдайда (нақытырақ 27,000 өлшеу) дисплейде келесідей хабарлама көрінеді:




(суреттегі жазба: жады 90 % толы)

Тұтынушы хабарламаны оқығанын растау үшін ок бастырмасын басуы керек.

Нәтижелерді жүргізгеннен және сақталғаннан кейін 30 000 тесттен кейін, келесі ақпарат жазылады:



(суреттегі жазба: жады толы)




(суреттегі жазу: мг/100 мл, өтінемін күтіңіз, старт)

4. ҚАТЕ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА


4.1 Үрлеу кезіндегі хабарлама

Егер тестіленетін тұлға құралға жеткілікті мөлшердегі газды үрлемесе, дисплейде үрлеу қателігі көрсетіледі.




4.2 Аккумулятордың төмен қуаты


Аккумулятордың төмен қуат кезінде келесідей хабарлама шығады: дисплейде Please Charge (өінесін, аккумуляторды қуаттандырыңыз) деген жазу көрінеді. Құрал 10 минуттан кейін өшеді.



5. БАСТЫ МӘЗІР

Құрал өзін-өзі тестілеуді аяқтағаннан кейін ол сканерлеу режиміне дайын


Басты мәзірге қайтып келу үшін  бастырмасын басыңыз.



(суреттегі жазу: мг/100мл, дайын, басты мәзір, сканерлеу, белсенді режим, жазба, реттеулер)

Қажеттісін таңдап алу үшін  бастырмасын басыңыз.

Сканерлеу режимін таңдағанда, құрал сканерлеу режиміне ауысады.



(суреттегі жазу: мг/100 мл, дайын, старт)

Сканерлеу режиміндегі толық ақпарат 3.3. бөлімінде жазылған.

5.1 Белсенді режим

Белсенді режимді таңдағанда құрал белсенді режимге ауысады.




(суреттегі жазба: белсенді режим, дайын)

Белсенді режимдегі өлшеу жайлы толық ақпаратты 3.4 бөлімінен қараңыз


5.2 Жазба

Тарихи мәліметтер "Record" бөлімінде сақталады және ол өлшенген мән, күні және уақыты, сонымен бірге жазба номерінен тұрады. Тұтуыңышу осы мәзірден пайдаланушы кез-келген жазбаны таба алады.



(суреттегі жазба: мг/100 мл, белсенді режим, 10, номері: 414, күні: 27.08.2011 ж., уақыты: 19:32 баспа)

Сканерлеу режимінде орындалған өлшеу нәтижелері екі түрде бейнеленеді. Біреуі - сандық, онда қоршаған ауадағы алкогольдің барлығы көрсетіледі, ол төменде көрсетілген.




(суреттегі жазу: мг/100 мл, дайын, старт)

Сканерлеу режиміндегі толық ақпарат 3.3. бөлімінде жазылған.

5.1 Белсенді режим

Белсенді режимді таңдағанда құрал белсенді режимге ауысады.




(суреттегі жазба: белсенді режим, дайын)

Белсенді режимдегі өлшеу жайлы толық ақпаратты 3.4 бөлімінен қараңыз

5.2 Жазба

Тарихи мәліметтер "Record" бөлімінде сақталады және ол өлшенген мән, күні және уақыты, сонымен бірге жазба номерінен тұрады. Тұтуынушы осы мәзірден пайдаланушы кез-келген жазбаны таба алады.



(суреттегі жазба: мг/100 мл, белсенді режим, 10, номері: 414, күні: 27.08.2011 ж., уақыты: 19:32 баспа)


Сканерлеу режимінде орындалған өлшеу нәтижелері екі түрде бейнеленеді. Біреуі - сандық, онда қоршаған ауадағы алкогольдің барлығы көрсетіледі, ол төменде көрсетілген.



(суреттегі жазба: мг/100 мл, белсенді режим, 0, номері: 414, күні: 27.08.2011 ж., уақыты: 19:32 баспа)
Келесі әдіс - сапалық. Онда нәтижелер "алкаголь бар" немесе "алкаголь жоқ" деген түрде көрсетіледі.




(суреттегі жазба: мг/100 мл, алкаголь бар, номері: 414, күні: 27.08.2011 ж., уақыты: 19:32 баспа: мг/100
мл, алкаголь жоқ, номері: 414, күні: 27.08.2011 ж., уақыты: 19:32, баспа).

Алдыңғы тестілеу нәтижесін және күнін таңдау үшін  бастырмасын басыңыз. Барлық алдыңғы тест нәтижелері кез-келген уақытта басылып шығарылады.

5.3 Реттеулер


Мәзірдегі "Setting" (реттеулер) бастырмасымен құралдың кейбір қызметтерін орнатуға немесе өзгертуге болады. Мәзірдің реттеулер бөліміне кіріңіз. Реттеулер таңдалып алынғаннан кейін келесі экран шығады




(суреттегі жазу: күні/уақыты, өлшеу бірліктері, сканерлеу режимін реттеу, еске салу, сервистер)
Келесі мәзірге өту үшін "ok" бастырмасын басыңыз

5.4.1 Күні және уақыты

"Date&time" ("күні және уақыты) пунктін таңдаңыз және "ok" бастырмасын басыңыз, экранда келесі ақпарат бейнеленеді:




(суреттегі жазба: жылы: 11 , айы: 08, күні: 24; сағат: 17, минут: 37)

Күні және уақытын реттеу үшін  бастырмасын басыңыз. Содан кейін сақтау үшін "ок" бастырмасын басыңыз.

5.4.2 Өлшеу бірліктері

"Units" ("өлшеу бірліктері) басыңыз және "ок" бастырмасын басыңыз, экранда өлшеу бірліктері көрсетіледі.



(суреттегі жазба: мг/100 мл, %, мг/л)

Өлшеу бірліктерін таңдауға үш нұсқа беріледі: мг/100 млВАС, %ВАС, мг/лВrAC
ВАС қандағы алкаголь құрамын білдіреді.
ВrAC үрленетін газдағы алкаголь құрамын білдіреді.
Стандартты үрде мг/100 мл ВАС таңдалады.

5.4.3 Сканерлеу режимі


Осы реттеулер тек сканерлеу режиміне арналған, оның белсенді режимге қатысы жоқ.



(суреттегі жазу: сканерлеу режимін реттеу, шектер, сканерлеу уақыты, нәтижелер режимі, жұмыс уақыты)

5.4.3.1 Белгі беру шектері



"Limits" (шектер) пунктін таңдаңыз. Мұнда белгі беру шектерін орнатуға болады. Бұл реттеу сканерлеу режимінде ғана әрекет етеді.



(суреттегі жазу: мг/100 мл қызыл >20, жасыл <0,5)

Өлшеу біріліктері жоғары жақта оң жақта орналасқан, мысалы мг/100 мл.


Егер өлшенген мән қызыл деңгейден артық болса, қызыл сызба шығады. Егер тест жасыл шектен төмен болса, жасыл график көрсетіледі. Егер тест нәтижелері қызыл мен жасыл арасында болса, сызба сары болады. курсор қызыл шекте болса, "ок" бастырмасын басыңыз, қызыл шек мәні жылтылдайды.

Мәндерді орнату үшін   бастырмасын пайдаланыңыз. Мәндерді таңдап болған соң, реттеулерді сақтау үшін "ок" бастырмасын басыңыз.

Жасыл шектерді орнату үшін жоғарыда келтірілген нұсқауларды пайдаланыңыз.


5.4.3.2 Сканерлеу уақыты

Сканерлеу уақыты әрбір сканерлеу режиміндегі ауа сорғысының жұмыс уақытымен тең. Мысалы, стандартты орнатылған уақыт 8 секунд, бұл құрал 8 секунд бойы бір тестілеу мерзімінде жұмыс істейді. Уақыт 1-ден 15 секунд шегі аралығында нақты жағдайларға байланысты орнатылуы мүмкін.



(суреттегі сызба: сканерлеу уақыты 8, сақтау)

5.4.3.3 Жазба режимі



(суреттегі жазу: нәтижелер режим, сандық, сапалық, ок)

Тест нәтижелері сандық және сапалық мәнде болады. Баспалық нәтижелер "алкаголь бар" және "алкаголь жоқ" деген жазу түрінде көрінеді.

5.4.3.4 Жұмыс уақыты



(суреттегі жазу: жұмыс уақыты 0 сағ 10 мин)

Тұтынушы бұл мәліметтерді өшіріп тастауға болады. Жағымсыз әсерлер болмас үшін мұқият болу керек.



(суреттегі жазу: жұмыс уақытын өшірейін бе? Жоқ, иә)

Тұтынушы сканерлеу режимінде өлшеудің жалпы уақытын таңдай алады. Құрал әрбір қосылған сайын жазба жазарда орнатылған уақытқа сай сынама алады.

5.4.4 Калибрлеу туралы хабарлама


Құрал әрбір 6 ай сайын калибрленуі керек, немесе еге уәкілетті органдар талап етсе одан да жиі мерзімде калибрлейді. Калибрлеу құралдың дәл өлшеуі үшін қажет. Өзіндік тестілеу кезінде құрал төменде көрсетілген суреттегідей келесі калибрлеу туралы хабарлайды. Аталған хабарлама тұтынушы тарапынан қосылуы/өшірілуі мүмкін.



(суреттегі жазу: еске түсіру, қосулы, өшірулі, ок)

5.4.5 Қызмет көрсету

Бұл мәзір құпия сөзбен қорғалған, тек уәкілетті тұлғаға ғана бұл мәзір қол жетімді.




(суреттегі жазу: 4.7 қызмет көрсету, PIN енгізіңіз, 0000, ок)

6. АККУМУЛЯТОРДЫ ҚУАТТАУ

6.1 Аккумулятор қуатының индикаторы


Alcostop 4000 құралы 1400 мА/сағ Li-ion аккумуляторын пайдаланады, үздіксіз түрде 5000 тест мөлшерінде жүргізе алады. Аккумулятордың төмен қуатында, экран және қуат индикаторы келесідей бейнеленеді:



(суреттегі жазу: мг/100 мл, дайын, өтінемін аккумуляторды қуаттаңыз)

6.2 Аккумуляторды қуаттандыру бойынша нұсқау

Қуаттау құрылғысын USB қосыңыз немесе қуаттау құралын тұтандырғышқа(9В, 1А) немесе қуаттау адаптерін (220 В 5В) қосыңыз. Қуаттау көбінесе 3 сағатты қамтиды. Қуаттау кезінде экранда "charging" (қуатталуда) жазуы пайда болады. Қуатталу аяқталған соң "Charge over" (аккумулятор қуатталды) жазуы пайда болады.



(суреттегі жазу: қуатталуда, аккумулятор қуатталды)

7. ҚАТЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

7.1 СКАНЕРЛЕУ РЕЖИМІ


7.1.2 Белсенді режим





Қате туралы хабарлама	Себебі	Шешімі
Жүргізуші алкаголь ішпеген, бірақ оны құрал анықтады	Құралда алкагольдың қалдығы қалған, немесе нольге енгізуге ауысқан	Тесті 15 секундтан кейін қайталаңыз Нольге калибрлеңіз немесе сенсорды ауыстырыңыз
Сканерлеу режимінде алкаголь бар екені анықталған, бірақ 0 мәні алынған	Сканерлеу режимі белсенді режиге қарағанда тым сезімтал,	Қайталап тексеру үшін басқа құрылғы пайдаланыңыз
Акумулятор тек бірнеше сағатқа жетеді	Акумулятордың қызмет ету мерзімі аяқталған	Акумуляторды жаңасына айырбастаңыз

7.2 Белсенді режим

	Үрлеу 1 л көлемге жетпей тоқтатылды.	Амалды қайталаңыз, онда көлемін 1 л жеткізіңіз
--	--------------------------------------	--

Екі шек арасындағы мәндерде үлкен арақашықтық	Тестілеу алкагольді пайдаланғаннан кейін бірден өткізілді, ауызда алкагольдің қалдықтары бар.	Тестілеуді 5 минуттан соң қайталап өткізіңіз, егер екі мән арасында 10 % айырмашылық болса, ауызда алкаголь қалдығы бар. 15 минут тосып, одан кейін қайталап тест өткізіңіз.
---	---	---

	Күні және уақыты белгіленбеген	Аталған қате кездескен жағдайда, уақыт пен күнін түзегеннен кейін қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.
Алкагольдің иісі сезіледі, бірақ 0 мән көрсетіп тұр.	Құрал бұзылған болуы мүмкін.	Тестілеу үшін басқа құрылғы пайдаланыңыз. Немесе қан талдауын жүргізіңіз.

		Құралды қызмет көрсету орталығына апарыңыз
	Қоршаған орта температурасы мүмкін болатын шектен ары	Тест нәтижелеріне әсер етуі мүмкін, тест өткізу үшін сәйкесінше температуралы бөлмеге барыңыз
	Сорғы қателігі	Тағы бір өлшеуді жүргізіңіз, осы қате қайталап кездесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Жады оқылмайды немесе қайта жазылмайды	Жаңа күн жазылмауы мүмкін, не ескі күн оқылмауы мүмкін. Тағы бір тестілеу жүргізіңіз, қайталап орындауда аталған қате кездесе, қызмет көрсету маманына хабарласыңыз.
	Калибрлеу мерзімі аяқталған	Калибрлеу жасаңыз

8. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

8.1 Жалпы тазалау

Құралды тазалау үшін тек жұмсақ тазаулаушы құрал ғана пайдаланылады.

Органикалық ерітінділер, мысалы, спирт, ацетон, скипидар және т.б. пайдалануға тиім салынады.

Құралдың ішіне су кіріп кетпеуін қадағалаңыз.

8.2 USB-порт

USB-порт су кіруі мен ластануын болдырмаңыз

9. Калибрлеу және қызмет көрсету

Әрбір алты ай сайын құралға калибрлеу жүргізілуі тиіс немесе уәкілетті органдар талап етсе одан да жиі мерзімде калибрлейді. Калибрлеу құралдың дәл өлшеуі үшін қажет. Калибрлеу кәсіби білікті маманмен жүргізіледі.

10. Техникалық сипаттама

Құрал: Өлшеу режимі Сенсор типі Баспа Енгізу әдіс Белсенді режим Өлшеу диапазоны: Ақаулар: Диапазон 0-ден 100 (мг/100 мл) Диапазон 0-ден 200 (мг/100 мл) Диапазон 200 артық (мг/100 мл) 200 артық (мг/100 мл) Тестілеуден кейін қосылуға дайын Нольге түсіру уақыты: Алдыңғы өлшеулер: 0 мг/100 мл Алдыңғы өлшеулер <100 мг/100 мл Алдыңғы өлшеулер >100 мг/100 мл Минималды жұтылатын көлем: Мундштук	Белсенді режим және сканерлеу режимі Электрохимиялық тор негізінде, тек этанол Нүктелі-матрициялы немесе термопринтер Құрал және принтер, 2де 1 0-ден 550 (мг/100 мл) (қанның құрамындағы этанол ± 15 мг/100 мл ± 21% ± 34 % Шамамен 5 секунд Шамамен 3 секунд Шамамен 5 секунд <7 секунд 1,0 л 3,0 секунд ішінде Бір реттік қолдану
Белсенді емес режим Өлшеу режимі: Сезімталдығы: Өлшеу уақыты (тұтынушымен реттеледі) Мин. Макс. Стандартты: Нольге әкелу уақыты: Алдыңғы өлшеулер: 0 мг/100 мл Алдыңғы өлшеулер >40 мг/100 мл Белгілер	0-ден 100 (мг/100 мл) (қанның құрамындағы этанол) 15 см көп 1 секунд 15 секунд 8 секунд Шамамен 0 секунд Шамамен 7 секунд Қызыл, сары, жасыл шектер, белгі шектері реттеле алады
Қоршағана орта жағдайлары: Жұмыс температурасы: Сақтау температурасы: Қысым: Салыстырмалы тығыздық:	минус 5 °С-55 °С минус 20 °С+70 °С 600 гПа-1400 гПа 15 % -95 % дейін
Акумулятор: Жұмыс мерзімі: Құралдың интерфейсі: Өлшемдері (Д x Ш x В) Салмағы:	7,4 В, 1400мА/сағ литий аккумуляторы 5000 тестіден кем емес USB порт 226 мм x 41 мм x 41 мм 200 г. аккумуляторды қоса есептегенде
Басқалар: Өлшеу бірліктері:	Мг/100 мл, %, мг/л Мәзір

Жұмыс:	3 бастырма
Қуат көзін үнемдеу	2,5 минут әрекетсіздіктен соң автоматты түрде қосылады
Дисплей:	1,29 дюйм түсті дисплей
Мәліметтерді сақтау:	30 000 өлшенген мәнге дейін
Бағдарламалық қамтамасыз ету:	ДК үшін берілген мәндерді енгізу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету
Калибрлеу:	Әрбір алты ай

11.Тасымалдау жиынтығы

1. Этанол буының анализаторы - 1 дана
2. Қуаттау құралы - 1 дана;
3. USB сым- 1 дана;
4. Мундштук - 3 дана;
5. Аккумулятор - 1 дана (анализатор ішінде)
6. Пайдалану бойынша нұсқаулық 1 дана

Өндіруші кәсіпорын: Компания Justec Shen Zhen CO., Ltd, Гонгконг.

Жеткізуші: «Медицинские газовые системы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 050040, Алматы қаласы Коктем-2 микроауданы, 11А, 3 кеңсе Тел: 8(727) 387-20-31, 8(727)262-20-83. www.alcotester.kz

Кепілдік шарттары Кепілдік қағазында және оған қосымша берілген шарттарда белгіленген. Қазақстандағы қызмет көрсету орталығы: «Agilent Service» ЖШС, Веб-сайт: <http://www.alcotester.kz> ; e-mail: info@alcotester.kz